

ӘОЖ 94 (574)

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН

Советхан Амина

history_13@mail.ru

Л. Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Тарих» мамандығының 2-курс студенті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.К. Ерменбаева.

Сокқанда жылына бір Жеңіс күні,
Жаныңның жазылғандай кеңістігі.
Қарт солдат өз полкінің туын ұстап,
Білдірмей жалғыз аяқ кемістігін.
Ғафу Қайырбеков **«Жеңіс солдатты»**

«Соғыс» деген суық хабар Қазақстанның барлық жеріне, 1941 жылы маусымның 22-сі күні-ақ жетті. Қалалар мен ауылдардың бәріне де жиналыстар өткізілді. Қазақстан еңбекшілерін барлық күшті жауды жеңу үшін жұмсауға, Қызыл армияны керекті нәрсенің бәрімен қамтамасыз етуге шақырды. «Отанымызды қорғауға мыс, қорғасын, астық қанша керек болса, сонша береміз. Жауға еш-бір мейірім болмасын!»-деген үндеу қабылдады. Қазақстан майданға 1200 мыңдай адам жіберді, солардың қатарында 82 мың коммунист, 242 мың комсомол (70% -ға жуық және 5183 әйелдер мен қыздар, сондай-ақ еңбек армиясы мен арнайы құрылыс бөлімдеріне жөнелтілген 700 мыңнан асатын адам болды. 1939 жылғы халық санағының қорытындылары бойынша Қазақстанда 6,2 млн адам тұрған – Ұлы Отан соғысы тарихы мен дүние жүзі тарихындағы аса зор ұрыстардың бірі Сталинградтағы шайқаста Қазақстан жауынгерлері де қатысты. Сталинградты қорғауға қатысқан қазақстандықтарға арнап Қазақстан Компартиясы үндеу жазды. Онда: «Сталинград-Шығыстың кілті.» Сталинград түбіндегі шайқастарда қазақстандық жауынгерлер ерекше, батырлық, жүректілік, батылдық көрсетті. Ұлы Отан соғысы (1941-1945) 1418 күнге созылды. Семей жерінен де талай боздақтар майдан даласына аттанып, олардың бірталайы туып-өскен Ертіс жағасына орала алмады. Тек дәм тартып, аман қалғандары ғана жеңіспен қайтты.

Семей қаласы Ұлы Отан соғысы жылдары ірі мобилизациялық орталық болып саналғандығы мәлім. Бұл қалада «Бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен тылдағы еңбеккерлер аянбай тер төкті. Ұрыс даласына азық-түлік өнімдері мен әскери құрал-жабдықтар жөнелтіліп отырды. Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанынан 65 жылдан астам уақыт өтсе де, жылдар жылжып ұрпақ жаңарып жаста да, отты жылдардың оқиғалары халық

жадынан өшпек емес. Жалпыға мәлім ХХ ғасырдың елеулі оқиғасы болып саналатын Ұлы Отан соғысы көлемі және адам шығыны жөнінен дүниедегі ең жойқын, ең қырғын соғыс болды. Соғысқа 61 мемлекет тартылды, оған жер шары халқының 80 пайызы қатысты. Семейден аттанған ер-азаматтарымыз Мәскеуді, Ленинградты қорғауға, Волга бойындағы, Курск даласындағы шайқастарға, партизан қозғалысына, Украина, Белоруссия, Балтық бойын, Молдавияны, сондай-ақ еуропалық мемлекеттерді азат етуге, Берлинді алуға, Жапон милитаристерін талқандауға белсене қатысты. Осы соғыста 27 млн. адамның өмірі қиылды десек, соның ішіндегі 1 млн. 700 мың адам қазақстандық болған. Ал, осы көрсеткіштің ішіндегі 50 000 адам осы Семей жерінен аттанған қыршындар еді. Бір ғана қала үшін бұл аз көрсеткіш емес екені анық. Семей өңірі бойынша :

- 53 адам Кеңес Одағының Батыры атанды
- 22 шығыс қазақстандық Даңқ орденнің толық иелері
- 2 халық қаһармандары: Қасым Қайсенов, Александр Емельянович
- 455 қыршыннан кеткен боздақтар бар.

Семей облысында көше есімдері берілген батырлар:

- Баздырев Григорий Афанасьевич
- Железняков Петр Филлипович
- Ибраев Айткеш Абайұлы
- Молдағалиев Жанғазы Әкімұлы
- Силин Николай Николаевич

1942 жылы ұн комбинаты салынып, іске қосылды. Семейліктер майданға өте зор көмек көрсете отырып, қорғаныс қорын жасауға ат салысты. Тек 1942 жылдың қазан айында ғана қала халқы 2368 шолақ тон, 2537 пар пима, 8 мың әр түрлі нәрселерден тоқылған қолғап шұлық жинады. Соғыс кезіндегі ерен еңбегі үшін Семейдің ет-консервілі комбинаты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Семей обылыс соғыстың тек алғашқы жылдары ғана майданға 71 вагон сыйлықтар, азық-түліктер және 11 мың жеке адамдардың посылкаларын жіберді. 1941 жылы тамыздың 10 – на дейін қорғаныс қоырна облыс еңбекшілері 160 миллион сом қосты. Аякөз ауданы еңбекшілері 1200 пұт астық, 1080 пұт ет, 154380 сомның облигациясын қосты. Соғыстың алғашқы екі жылында ғана облыс еңбекшілері танк колонналарын құру, самолеттер жасау үшін 32 миллион сом қаражат жиналды. Отқа оранған батыс аудандардан көшірілген үш фабрика (Киев, Азов және Артем) негізінде қысқа мерзім ішінде Семей аяқ киім фабрикасы құрылды. Кеме жасау заводы, ет-консерві заводы, Н. Крупская атындағы «Красный кожевник», «Пимокат» артельдері, басқа да кәсіпорындар арнайы тапсырмаларды орындауға кірісті. Қараша айында Донбастан көшірілген Володарский атындағы тігін фабрикасы 12 күн өткеннен кейін майдан үшін өнім бере бастады. Фабрика коллективі тоқсандық жоспарды 104 пайыз орындады. 1941 жылдың күзінде қала кәсіпорындары майданға 62 өнім түрлерін жөнелтті. Семей аяқ киім фабрикасында 1942 жылы 435 мың 400 пар аяқ киім шығарылды. Соғыс жағдайында қалада 9 фабрика мен завод салынып пайдалануға берілді. 1942 жылдың қараша айында «Большевичка Украины» тігін фабрикасының ұжымына бірінші орын беріліп, жылжымалы Қызыл Ту табыс етілді. Қала кәсіпорындары жұмысшылары мен қызметшілері қолхозшы шаруалардан көмектерін аяған жоқ. Соғыстың алғашқы үш жылында 20 мың семейлік облыс колхоздарына барып еңбек етті.

Соғыстың алғашқы жылдарынан-ақ Шығыс Қазақстан облысының өнеркәсібі қорғаныс өнімдерін: армияға аса қажет қорғасын, снарядтар, киім-кешек және жабдықтар шығаруға бағытталды. 1941-1945 жылдары рудалы Алтайда түсті металл өндіру көлемі екі жарым есе өсті. Лениногорск қорғасын зауытында соғыс соңына қарай металл балқыту екі есе, ал Ертіс мыс қорыту зауытында – үш есе өсті. Білікті металлургиялардың, басқа да мамандардың майданға кетуіне байланысты жұмыс қолдары жетіспеді. Қалғандарының екі-үш адам орнына жұмыс істеуіне тура келді. Сондықтан да республика түсті металлургиясында Лениногорск руднигі кеншілерінің бастамасы бойынша басталған жоспарды екі жүз, үш жүз, мың тайызға орындаушылар, көп станоктарда жұмыс істеп,

бірнеше мамандық қоса игерушілер қозғалысы пайда болды. 1941 жылдың қыркүйегінде бұрғышы Георгий Хайдин нормасын 1230 пайызға орындап, жоспар орындаудың бүкілқазақстандық рекордына қол жеткізді. 1942 жылдың 25 наурызында бұрғышы Василий Дементюк бір ауысымдағы тапсырмасын 5470 пайызға орындады. 1943 жылдың желтоқсанында Кеңес ақпарат бюросының деректерінде руда өндіру жоспарын 7150 пайызға орындаған Сокольный руднигінің бұрғышылары ағайынды Нефедовтардың аттары аталды. Соғыс жылдары Лениногорск кенішіне 3700-ден астам қыз-келіншек келді. 1943 жылдың екінші жарты жылдығында Лениногорск қорғасын зауытында олар барлық жұмысшылардың 67 пайызын құрады. Өскемен кәсіпорындары ұжымдарының үштен екісі әйелдер болды. Лениногорскінің кеніштер басқармасын соғыстың басында ДА. Қонаев басқарды. Ол: «Бұл кез мен үшін өте күрделі болды. Күтпеген жағдайлар өте жиі кездесті, ылғи да ізденісте болу, цехтар басшыларымен кеңесіп отыру, жұмысшылар ұжымдарында жиі болып тұру керек болды. Алайда қиындықтарды біз жеңе білдік, біз жауынгерлік жігермен жұмыс істедік, «жөк» және «қолымыздан келмейді» деген сөздерді қолданыстан шығардық. Жұмысымыздағы ұранымыз бен ұстанымымыз «Керек болса бәрін істейміз», - болды дейді. 1941 жылы Шығыс Қазақстан облысы 50 мың қоныс аударушыларды қабылдап, 12 кәсіпорын мен мекемені орналастырды. Лениногорскде - Люберецк электротехникалық зауыты, Мәскеу энергетикалық институты, Харьковтың артиллериялық мектебі, Курск және Ростов медициналық институттары орналасты. Зыряновскіде Ленинградтан келген Бүкілодақтық өсімдіктерді қорғау институты, Полтаваның Гоголь атындағы театры қоныстанды. Симфереполь мотор жөндеу зауыты Өскемен қаласына көшті. Қоныс аударылған кәсіпорындар тез арада іске қосылды. Майданды керек-жарақпен қамтамасыз ету үшін ауыл еңбеккерлері де аянып қалмады. Шығыс Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында қорғаныс қорына қаражат жинау жөніндегі парияттық қозғалыс басталды. 1941-1945 жылдары соғыс үшін техника шығаруға 34,5 миллион сом жиналды. Шығыс қазақстандық жауынгерлер құрметіне Өскемен қаласында Даңқ мемориалы салынды. Оған мұрындық болғандардың бірі майдангер, соғыс мүгедегі Төлеухан Құсайынұлы Қоғабаяев. Соғыстан кейінгі жылдары ол туған облысында көп жылдар табысты еңбек етті, облыстық ақсақалдар кеңесін басқарды. Партизан отрядтарымен қатар қалалар мен селоларда, аудан орталықтарында ірі теміржол станцияларында, кәсіпорындарда астыртын әскери топтар құрылды. Астыртын топтар алғашында үш-он адамнан құралса, кейін адам санының көбеюіне байланысты өзара бірігіп үлкен ұйымға айналды.

Соғыс жылдарында жау тылында 6200 партизан отряды мен астыртын әскери топ қимыл жасады, олардың құрамында 1,1 млн. аса партизан болды. Ленинград облысындағы партизан отрядтарының құрамында 220 қазақстандық ерлікпен күресті. Белоруссияда шайқасқан 65 бригада мен отрядтар құрамында бір жарым мың қазақстандық болған. Кеңес Одағының екі мәрте батыры С.А. Ковпактың партизан құрамасында 70-тен астам қазақстандық болды. Украинадағы партизандық құрамалар мен отрядтарда 1500 қазақ ерлікпен шайқасқан. Жаулап алынған аймақтарда қалып қойған шығысқазақстандықтар партизан отрядының құрамына кіріп, немесе өздері партизан қозғалысын ұйымдастырған. Партизандар қозғалысына 70 жерлесіміз қатысқан. Қасым Қайсенов - Шығыс Қазақстан облысының түлегі. 1941 жылдың қараша айында жау тылына жіберіліп, 1942 жылдың көктемінен партизан отрядын басқарған. Кейіннен Украинада шайқасқан Чапаев атындағы партизан құрамасын басқарған. Қасым Қайсенов пен оның отряды әсіресе, 1943 жылдың 20-22 қыркүйегінде Совет әскерлерінің Днепрді алу кезінде оң жағалауды ұстап тұруда ерекше көзге түскен. Қасым Қайсенов 1944 жылдың соңына дейін Молдавия, Чехословакия, Румыниядағы партизан жорықтарына қатысқан. Тарихта Полтава мен Киев облыстарында партизан қозғалысын ұйымдастырушы ретінде қалды. Қасым Қайсенов - "Халық қаһарманы" атағын алған. І дәрежелі Ұлы Отан соғысы, "Богдан Хмельницкий", "Ұлы Отан соғысы" ордендерімен, "Чехословакия партизаны" атағы, көптеген медалдармен марапатталған.

Айтықов Ізқұтты (1922-1944 жж.), Кеңес Одағының батыры 1922 жылы 20 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Тарғын ауылында дүниеге келген. 1941 жылы 22-маусымда неміс басқыншылары елімізге тұтқиылдан шабуыл жасап, соғыс ашқаны баршаға мәлім. Ер азамат топ-тобымен елін, жерін қорғауға майданға аттанды. Ізқұтты да екінші курстан соғысқа аттанды. 1941 жылы 22-маусымда неміс басқыншылары елімізге тұтқиылдан шабуыл жасап, соғыс ашқаны баршаға мәлім. Ер азамат топ-тобымен елін, жерін қорғауға майданға аттанды. Ізқұтты да екінші курстан соғысқа аттанды. Гвардия старшинасы Ізқұтты Құрманбайұлы Айтықов "Қызыл жұлдыз" орденімен, екі "Даңқ" орденімен және Волга бойындағы Қаһарман қала "Сталинградты қоғағаны үшін марапатталды. Батыс Двина өзенінің арғы бетіне бекінген фашистерге соққы беру жөніндегі бұйрық келгенде, госпитальда емделіп шыққанына қарамастан Ізқұтты алғашқы барлаушылар тобымен бірге баруға бірінші болып тілек білдірді. Осы айқастың өзінде Ізқұтты елуге тарта гитлершілді келмеске жіберіп, өзі тағыда ауыр жарақаттанады. Батыс Двина өзені бойында сол бір қиян кескі соғыста көрсеткен ерлігі үшін Бірінші Балтық майданы атқыштар батальонының комсоргі, гвардия старшинасы Ізқұтты Құрманбайұлы Айтықовқа СССР жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 22 июліндегі Указы бойынша Совет Одағының батыры атағы берілді. Ізқұтты Айтықов Берлинге барып жеңіс шеруіне қатыса алмады. Литваның Зарасай ауданын неміс басқыншыларынан құтқару кезінде 1944 жылы 22 шілдеде ауыр жарақаттанып, 26 шілдеде қайтыс болды. Бүгінгі күні Ізқұтты Айтықов атында кеме, мектеп көшелер бар. Ұлан ауданы Тарғын ауылында жерлес мүсінші Т.Иманбаев жасаған батырдың мүсіні тұр.

Ұлы Отан соғысы жылдарында өз үлесін қосқандардың қатарында менің атам да болды. Ол кісі -Тұрғанбаев Рахманбек 1921 жылы Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданы, Қарамойыл ауылында туылып, сол жерде өскен. Аштық жылдары, яғни 1932 жылы әкеден ерте айырылған жеті баланың төртеуі ғана аман қалады. Сол балалардың ең үлкені болғандықтан, 13 жасынан бастап бұрынғы Семей облысы, Үржар ауданы, «Красные горные орлы» колхозында еңбек ете бастайды. Жас болса да елгезек, өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын Рахманбек ата қандай қиын жұмыс болса да, бас тартпайтын. Сұм соғыс басталғанда атамыз небәрі 20-ақ жаста еді. 1941 жылы өз еркімен майданға аттанады. Ең алғаш Украина майданында, сонан соң Сталинград майданына жіберіледі. Сұрапыл соғыста жерлестері Науан ата, Қабдолла ата, Маукара аталармен бірге елі үшін жан аямай күреседі. Соғыстың жан аямас толассыз ауыр күндерінің бірінде ауыр жарақаттанған жерлесі Науан атамды госпитальге жеткізіп тастағаны үшін «уақытында снарядты жеткізбедің» деп, ату жазасына ілініп кете жаздады. Рахманбек атамды Сталинград үшін шайқаста ауыр жарақаттанып, Чита қаласындағы госпитальге жіберіледі. Сол госпитальде Науалы балалар үйінде тәрбиеленген жерлес медбикенің көмегінің арқасында ұзақ емделіп, өмір бойына мүгедек куәлігін алып, елге оралады. Қан майдандағы ерен ерліктері үшін «Ұлы Отан соғысының II, III дәрежелі» орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», Ұлы Жеңістің 20, 30, 40, 50 жылдық және «Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған. Соғыста алған ауыр жарақатына қарамастан, ауылдағы халықтың ауыр халін көріп, қайтадан қаршадайынан еңбек еткен «Красные горные орлы» колхозында қызу еңбекке кіріседі.Өмірін колхоздағы ерен еңбегі үшін «Ленин», «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Лениннің 100 жылдығына» арналған медальдармен марапатталады. Кеңес Одағының Жоғарғы Президиумының бұйрығымен «Құрмет Грамотасымен», «Құрмет дипломымен», ауыл шаруашылығы министрінің, облыс, аудандық партияның құрмет грамоталарымен марапатталса, еңбекте жоғары нәтиже көрсетіп, есімі қазақстанның « Алтын кітабына» жазылды.

Соғыс жылдарында Семейге Осташков тері зауыты, Киев, Азов аяқ киім фабрикасы, Харьковтен “Большевичка Украины”, Донбастан Володар атындағы тігін фабрикалары, Харьков протез зауыты, Киев химия-фармацевтикалық зауыты, Днепропетровск фармацевтика институты қоныс аударды. Осы кәсіпорындар қысқа мерзім ішінде іске қосылып, майдан үшін алғашқы өнімдерін бере бастады. Көшірілген зауыт, фабрикалармен

қатар жаңадан кәсіпорындар іске қосылып, бұрынғылардың жұмыс аумағы кеңейтілді. Өскемен ГЭС-інің құрылысы тоқтаған жоқ. Киев, Воронеж комбикорм зауыты құрал-жабдықтарының негізінде Семейде жаңадан комбикорм зауыты салынып, пайдалануға берілді. 1941 жылдың қараша айынан ірі шұға комбинатының құрлысы қолға алынды. Оған Серпуховтың “Пролетарий” шұға фабрикасының, Мәскеудің П. Алексеев атындағы фабриканың, Карел-Фин шұға фабрикасының құрал-жабдықтары пайдаланылды. Соғыс жылдарында Семейде 9 зауыт, фабрика салынып, қалпына келтіріліп, пайдалануға берілді. Өскеменге Симферополдің мотор жөндеу зауыты мен Орджоникидзе қаласынан “Электроцинк” зауыты көшіп келді. Лениногорскіге Люберецк элетротехникалық зауыты, Мәскеу энергетика зауыты, артиллерия мектебі орналастырылды. Зырян қаласында Ленинградтың бүкілодақтық өсімдік қорғау институты мен Полтаваның Н.В. Гоголь атындағы театры келіп орын тепті. Тың еңбеккерлерінің қажырлы еңбектерінің нәтижесінде Кенді Алтайдың табиғи байлықтары майданға қызмет етті. Лениногор қорғасыны, Ертіс мысы, вольфрам, қалайы, молибден сияқты т.б. элементтер әскери техника мен оқ-дәрі жасау өнеркәсібінде маңызды роль атқарды. 1942 жылы Лениногор қорғасын зауытының механикалық шеберханалары негізінде оқ-дәрі жасау өндірісі қолға алынып, 76 миллиметрлік снарядтар жасалды. 1941-1945 жылдар аралығында лениногорлықтар 109743 тонна қорғасын құйып шығарды. Кеңестер Одағының Европалық бөлігіндегі егін шаруашылығымен айналысатын аудандардың жау қолында қалуына байланысты миллиондаған әскерлер мен халықтарды азық-түлікпен қамтамасыз ету еліміздің шығыс аудандарына жүктелді. Дәнді дақылдар мен егін жинау - ең қарапайым жолмен – техникаларды ірі қараға жегіп, қолмен жинау арқылы жүргізілді. Жауынгерлерді азық-түлікпен қамтамасыз етуде облыс малшылары қарымды үлес қосты. Еңбек ресурстарының жетіспеуіне қарамастан, қысқы жайылымды пайдалану, ірі қараны шалғайдағы жайылымда ұстау тәсілдері енгізілді. Мұның өзі жайылымды тиімді пайдалануға әсерін тигізді. Совхоздар мен колхоздарда еңбек күшіне сұраныстың қандай болғандығын мына фактіден көруге болады: 1942 жылдың басында ауылдағы әр еңбекке жарамды адамға орташа жүктеме 6 га жердегі дәнді, техникалық дақылдарды өңдеу, әрі 14 бас малды күтіп баптау жүктелген. Соғыс жылдарында майдан мен елге Шығыс Қазақстан еңбекшілері 21,5 млн. пұт астық, 36,6 т. ет, 25,2 мың т. май, 98 мың тоннадай сүт пен т.б. ауылшаруашылық өнімдерін жіберген. Шығыс Қазақстанның медицина қызметкерлері Қызыл Армияның жаралы жауынгерлерін емдеуге белсене қатысты. 1941-1942 ж. аралығында облыс аймағында 17 көшірілген госпиталь жұмыс істеді. Әскери ауруханаларға жарамды нысандар бөлінді. 1943 ж. бастап, біздің армияның табысты шабуылдарына байланысты әскери ауруханаларды майдан шебіне жақын ұстау керек болғандықтан тылдағы ауруханалар санын қысқарту міндеті қойылды. 1943-1944 жылдары 6 әскери аурухана, ал, 1945 ж. 2 әскери аурухана жұмыс істеді. Семей қаласындағы №№ 3593, 2449 ауруханалар көшіп келген медициналық мекемелердің ғылыми орталығы әрі клиникалық базасы болды. Жаралылар арнайы медициналық көмек, оның ішінде сынықшы-жарақатшы, протез жасау, нейрохирургиялық, тіс-жақ жүйесін қалыпқа келтіру, терапевтік т.б. көмек түрлерін ала бастады. 1943 жылдан бастап аурухана әскери тұтқындардың арнайы контингентіне қызмет көрсетті.

Сталинград шайқасында Қазақстанда жасақталған 38-атқыштар дивизиясы қатысты. Шешуші шайқастарды ұтымды жүргізіп, ерлікпен шайқасқаны үшін, 38-атқыштар дивизия атауы өзгертіліп 73-гвардиялық дивизия аталды. Курск түбінде жерлесіміз – Кеңес Одағының батыры Х. Мұхамадиев жаудың сегіз танкісін құртып жіберіп және алпысқа жуық гитлершінің көзін жойып, ерен ерлігімен ерекшеленді. Украина мен Днестр жағалауларын жаудан азат еткен ұрыстарды Қуанышев Д.К., Крахмаль А.С., Мехнин Ф.М., Одинцов М.Н., Имамбаев К. сияқты жерлестеріміз табандылық пен ерен ерліктерімен еркешеленді. Николаев қаласын азат ету барысында қасықтай қаны қалғанша жаумен арпалысқан Казаченко Н.И. есімін ерекше құрметпен атауға болады. Қара теңіз флоты жаяу әскерінің 384-айрықша батальоны шығарған 68 еріктілер десанты 2 тәулік бойы күші анағұрлым басым жаудың 18

шабуылына тойтарыс берді. Айқастың соңына қарай 12 ғана адам тірі қалды. Шығыс Пруссия мен Германияның Прибалтика жерінде жүргізген ұрыстарында Даңқ орденінің барлық дәрежелерінің иегерлері Аубакиров М., Құсметов А. Кеңес Одағының Батырлары Рошин Л.М., Головченко В.Е., І. Айтықов, Кольцов П.Ф., Чернов А.И. сияқты қаһарман жерлестеріміздің өшпес ерлігі мен даңқы шықты. Ұлы Отан соғысы кезінде 96 мыңнан астам шығыс қазақстандық ұрыс алаңдарында, госпитальдарда жарақат зардабынан қаза тапты, хабарсыз кетті. Сондай-ақ Семей қаласының мұрағатында сақталған 1941, 1942, 1943, 1944, 1945 жылғы Семей облыстық «**Екпінді**» газетіне (қазіргі Семей таңы) шолу жасағанда жергілікті тілшілердің мақалаларымен қатарлас, майданда жүріп газетке жіберген жауынгер тілшілеріміздің әңгімелерін, өлеңдерін көптеп кездестірдік. Осы жылдардағы жазылған барлық мақалалардың бастапқы тақырыбы соғысқа қатысты болған. «Екпінді» (1943 жыл, 1 тамыз, №159) газетінде жазушы Әзілхан Нұршайықовтың майданнан жазған «Семей жігіттері 1. Алматыдан аттанғанда, 2. Наградтылар»-деп аталатын мақаласы, 1943 жыл 26-шы қыркүйек 199 нөмірінде жарық көрген «**Алғыс**» деп аталатын мақаласы, соғыс кезіндегі жаумен айқасқан қазақ жауынгерлерінің майдандағы өмірін толық көрсетеді. Сонымен қатар мұрағат қорында «Соғыстан келген хаттар» құжаттар топтамасында Ә.Нұршайықовтың «Біз Берлинге барамыз. (Достарға хат)» деп аталатын 8 шумақтан тұратын өз қолымен жазған өлеңінің түп нұсқасы сақталған. Өлеңнен үзінді келтірсек:

Талқандауға тақаппар тас, кірпішін
Күйретуге зұлымдық кара күшін
Азаттық пен еркіндік мәңгі баян
Үстем болып өмірде тұру үшін.
Біз Берлиннің өзіне барамыз нақ
Достарым құлақ салып сөзіме бақ
Әзір кетіп барамыз жасап жорық
Болуымыз Берлинде түбінде хақ
Бақыттың құшағында ер жеткенбіз
Даңқымызды дүниеге өрлеткенбіз
Қаза тапқан достарға кеше жаудан
Барамыз деп Берлинге ант еткенбіз
(Майдандағы армия 1944 ж)

1943 жылы «Правда» газеті былай деп жазды: «Қазақ халқының ұлдары Қызыл Армияның қатарында қаһармандықпен соғысып жүр. Қазақтар майданда жақсы ұрысады, тылда олардың әкелері, аналары, әйелдері майдан үшін аянбай еңбек етуде, Қазақстан өзінің барлық байлығымен майданға қуатты тірек болып отыр. Гитлершілерді талқандайтын әрбір снарядта қазақ даласының, қазақ еңбегінің үлесі бар». Бұл кеңес үкіметінің қазақ халқына берген шынайы бағасы. Белгілі ағылшын тарихшысы Александар Верт өзінің «Ресей 1941-1945 жылдағы соғыста» деген кітабында : «Қызыл Армияның табанды солдаттарының бірі қазақтар болды, тұтас алғанда қазақтар бүкіл соғыс бойында өздерін жақсы жағынан таныта білді. Тіпті Сталинградтың өзінде ең өжет солдаттар қатарында қазақтар тұрды » дегенді айтады. Қазақстандық жауынгерлер Шығыс Европаны фашистерден Азат ету соғысында ерлікпен шайқасып, Берлинге шабуыл жасады. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі әлемді таңқалдырып, мойындатты. Оған қазақстандықтар мен қазақтар қосқан қасиетті де қаһармандық ерлік үлес- ерлікті біз мақтан тұтамыз. Аға ұрпақтың ерлігі мен әскери даңқы жас ұрпақты Отанымыздың болашағы үшін азаматтық жауапкершілікке, елін қорғауға әзір болу рухын сіңіреді. Олардың ерлігі алдында тағзым етіп бас ию тірілерге қажет. Ер есімі- ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақ елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шығыс Қазақстан облысының ардагерлері сайты
2. Кеңес Одағының Батырлары - шығысқазақстандықтар: мағлұматнама. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2005. - 132 б.

3. Қайсенов, Зейнолла. Ұлан ауданы туралы тарихи-әдеби очерктер / З. Қайсенов. - Өскемен, 2005. - 256 б.
4. Елғон Е. Наймандар: Деректерге негізделген тарихи очерк.- Өскемен, 2000
5. Зырян ауданы // ШҚО Мемлекеттік мұрағаты. - <http://e-arhiv.vko.gov.kz/Page.aspx?id=1549> (27.05.2012).